

## Объектілерді ерекше реттеуді және (немесе) қала құрылысы регламентациясын талап ететін объектілерге жатқызу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 10 шілдедегі № 475 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 4-1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Нұр-Сұлтан қаласындағы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы" және "Алматы қаласы бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ұлттық жұқпалы аурулар ғылыми орталығы" объектілері ерекше реттеуді және (немесе) қала құрылысы регламентациясын талап ететін объектілерге жатқызылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*